

Кедендік статистика әдістемесінің негіздері.

Телеубаева

Құндыз

Түзел Нұржамал

- Сұрақтар:
- 1. Кедендік статистика мәліметтерімен жұмыс жасау әдістері.
- А) статистикалық есеп оның топтасуы (географиялық әдіс, баластық әдіс, индекстік әдіс, факторлық әдіс).
- 2. Сыртқы сауда статистикасының режимдері.
- 3. Сыртқы сауда кеден статистикасымен тауарларды көшіру ерекшеліктерін бақылау.
- 4. Сыртқы сауданың кедендік статистика көрсеткіштері.

Кедендік статистика мәліметтерімен жұмыс жасау әдістері.

- Сыртқы сауда жүргізу статистикасында және өзара сауда жүргізу статистикасында Кеден одағына мүше мемлекеттің материалдық ресурстары қорларына қосылатын және (немесе) Кеден одағына мүше мемлекет аумағының шегіне әкелу немесе аумағынан тыс жерге әкету нәтижесінде олардан шығарылатын барлық тауарлар ескеріледі.
- Кеден одағына мүше мемлекеттің үшінші елмен сыртқы саудасының кедендік статистикасы мәліметтерінің, сондай-ақ Кеден одағына мүше мемлекеттің өзара саудасының статистикасы анық болуын қамтамасыз ету мақсатында Кеден одағына мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сауда нәтижелерін салыстармалы талдау бойынша және салыстармалы талдау негізінде айырмашылықтардың себебін айқындау бойынша жұмыстар жүргізеді.
- Қазақстанның кедендік статистикасының мәліметтері бойынша, үшінші елдерге негізгі төмендеу «шикі мұнай мен шикі мұнай өнімдері» секілді тауарлық белгілер бойынша байқалыпты. Егер өткен жылғы қазанда ол \$4,39 млрд-қа экспортталған болса, ал қарашада \$3,21 млрд дейін құлаған.

- Сыртқы сауданың кедендік статистикасы мен өзара сауданың статистикасының мәліметтері статистикалық бюллетендер мен жинақтар шығару, сонымен қатар уәкілетті органдардың ресми сайттарында (порталдарда) жариялау жолымен жүйелі негізде таратылады.
- **Сыртқы сауданың кедендік статистикасы мен өзара сауданың статистикасының жарияланатын мәліметтерге сенімді арттыру мақсатында және оларды дұрыс түсіндіру үшін:**
- 1) Статистикалық жарияланымға жиналған мәліметтердің қайнар көздері мен әдістері туралы ақпараттар енгізіледі;
- 2) мәліметтердің жариялану мерзімі туралы алдын ала хабарланады;
- 3) мәліметтер жүйелі түрде жаңғыртылады.
- **Сыртқы сауданың кедендік статистикасы мен өзара сауданың статистикасы мәліметтері келесі түрғыда таратылады:**
- 1) импорт және экспорт тауарларының барлығы, сондай-ақ, елдердің тобы бойынша және серіктес елдер бойынша;
- 2) тауарлардың импорт және экспорт құрылымы құндық көріністе;
- 3) тауарлардың импорты мен экспорты табиғи және құндық көріністе;
- 4) тауарлар импорты мен экспорттарының орташа баға, физикалық және құндық көлемі индекстері.

- 1. Статистикалық есеп және арнайы есепке алу органдарына немесе тікелей осы органның басшылығына бағытталған сұранымдар келіп түскен күні кіріс хат-хабар журналында іс жүргізу қызметімен тіркелгеннен соң басшылыққа жіберіледі, ал басшылық оларды қарап, тапсырмалар (бұрыштамалар) дайындайды.
- 2. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының лауазымды тұлғасы сұранысты қарауға алған кезде, сұраныстың орындалуы берілген органның немесе осы лауазымды тұлғаның құзырында, сондай-ақ егер орган мен лауазымды тұлғаның құзіретіне ондағы қойылған сұрақтардың шешілуі кірмесе, ол үш жұмыс күнінен кешіктірілмей өтініш берушіге осы туралы хабарлау арқылы тиісті органдарға жіберілуі немесе қарастырудан бас тарту себептерін көрсету арқылы қайтарылуы қажет екендігіне көзі жетуі қажет.

- Статистикада байланыстарды анықтаудың және өлшеудің көптеген әртүрлі әдістері қолданылады. Байланыстар мен өзара тәуелділіктерді зерттеу үшін қолданылатын ең маңызды әдістерге: параллель қатарларды салыстыру әдісі, топтастыру әдісі, графикалық әдіс, баланстық әдіс және корреляциялық-регрессиялық әдістер жатады.
- Параллель қатарларды салыстыру әдісі көрсеткіштердің екі немесе бірнеше қатарларын салыстыруға негізделген. Зерттелетін көрсеткіштердің арасындағы байланыстардың мүмкіндігі теориялық тұрғыдан дәлелденгеннен кейін жүргізілетін мұндай салыстырулар байланыстардың бар болуын анықтауға және оның сипаты туралы түсінік алуға мүмкіндік береді.
- Географиялық әдістері, географиялық зерттеу әдістемесі жалпы ғылыми тұрғылар мен әдістерді (тарихи, экологиялық, модельдеу, математикалық, жүйелік, тағы да басқалары); экономикалық-статистикалық, техникалық-экономикалық, социологиялық және тағы да басқалары ақпарат алудың жұмыс тәсілдері мен операцияларын жүргізу, іріктеме әдіс, тағы да басқалары техникалық тәсілдерін (перфокарталардың, электрондық есептеу техникасы арқылы, тағы да басқалары) қамтитын жүйе.
- Индекстік әдісті қолдану арқылы төменде берілген негізгі мәселелерді шешуге болады:
- 1) салыстыруға келмейтін және қосуға болмайтын күрделі экономикалық құбылыстардың жеке бөліктерінің уақытқа қарай өзгеруін сипаттайды;
- 2) құбылыстар құрылымының белгілеріне қарай өзгеруін анықтайды;
- 3) күрделі құбылыстар көрсеткіштеріне әсерін тигізетін себептерді жалпы жиынтық және жеке бөліктері бойынша қарастырады.
- Олардың ішінде ең негізгісі- қоғамдық құбылыстарға әсерін тигізетін

Сыртқы сауда статистикасының режимдері.

- Сыртқы сауда статистикасы мен өзара сауда статистикасының деректерін Орталыққа беру үшін дайындауды және оларды қалыптастыруды Тараптардың уәкілетті органдары сыртқы сауда статистикасы мен өзара сауда статистикасын жүргізудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жүзеге асырады.
- Тараптардың уәкілетті органдары сыртқы сауда статистикасы мен өзара сауда статистикасының деректерін Орталыққа беруді сыртқы сауда статистикасы мен өзара сауда статистикасының деректерін берудің техникалық шарттарына (бұдан әрі - техникалық шарттар) сәйкес жүзеге асырады.
- Техникалық шарттарды Тараптардың уәкілетті органдарының келісімімен Кеден одағының комиссиясы әзірлейді және бекітеді. Техникалық шарттарда осы Хаттаманың 4-бабында келтірілген сыртқы және өзара сауда көрсеткіштері тізбесіне сәйкес берілетін ақпараттың пішіміне және деректер беру құралдарына қойылатын қажетті талаптар болуы тиіс.
- Осы Хаттамаға сәйкес деректерді беруді Тараптардың уәкілетті органдары күнтізбелік жылдың басынан бастап деректерді есепті кезеңнен кейінгі 40-шы күні өзекті ете отырып, ай сайын электронды түрде жүзеге асырады. Алдыңғы деректерді өзекті ету ол аяқталғаннан кейінгі 180-ші күні жүзеге асырылады. Есепті кезең деп күнтізбелік ай түсініледі.

Сыртқы сауда кеден статистикасымен тауарларды көшіру ерекшеліктерін бақылау

Төменде аталған тауарлардың белгілі санаттары Кеден одағына мүше мемлекеттің сыртқы сауда жүргізуінің кедендік статистикасына енгізу кезінде ескеру қажет болатын тауарларды тасымалдау ерекшеліктеріне ие.

Сыртқы сауда жүргізудің кедендік статистикасы мен өзара сауда жүргізу статистикасында өзге тауарлардың арасында келесі тауарлар санаттарын есепке алу қажет:

монетарлық емес алтын, төлемдік құрал болып табылмайтын асыл тастар, бағалы қағаздар, айналыста жоқ банкноталар мен монеталар;

азаматтық және әскери нысандағы тауарларды қосатын мемлекет шоттары бойынша сатылатын тауарлар, мысалы, үкіметтердің жүйелі коммерциялық операцияларды жүзеге асыру кезіндегі, сыртқы көмек көрсетудің мемлекеттік бағдарламалары желілері бойынша жеткізілетін тауарлар; әскери репарациялар мен реституциялар;

- Тауарлардың статистикалық құны – АҚШ долларымен белгіленген, бағаның бірыңғай базисіне келтірілген тауардың құны (ФОБ бағаларының типі бойынша – экспортталған тауарлар үшін, СИФ бағасының типі бойынша импортталған). АҚШ долларына бағаны қайта есептеу Кеден одағына мүше мемлекеттердің Ұлттық (Орталық) банктерінде белгіленген курс бойынша жүзеге асырылады:
- Сыртқы сауданың кедендік статистикасында – тауарларға декларацияны тіркеу күні;
- Сыртқы сауданың статистикасында – импорт кезінде қоймаға тауар түскен сәтте, экспорт кезінде қоймадан тауарды тиеу сәтінде.
- Тауарларды жеткізудің базалық негізі Халықаралық сауда палатасымен жасалған сауда терминдерін түсіндірудің Халықаралық ережелеріне (Инкотермс 2000) сәйкес анықталады.
- Су көліктерімен шығарылатын экспортталатын тауарлардың статистикалық құны экспорттаушы елдің шығару бекетінде ФОБ бағасында («бортта еркін») саналады

Сыртқы сауданың кедендік статистика көрсеткіштері

- Экспорттың құлдырауының басты себебі – нақты көлемнің 24,1% немесе 1,4 млн тонна, 4,37 млн тоннаға дейін қысқаруы болып отыр. Бұл әсіресе Швейцарияға (8,8 есе немесе 344,6 мың тоннаға), Францияға (2,8 есе немесе 276,1 мың тоннаға), Қытайға (1,7 есе немесе 183,2 мың тоннаға), Израильге (2,7 есе немесе 145,7 мың тоннаға) және Түркияға (3 есе немесе 113,2 мың тоннаға) жеткізілуден көрініс тауып тауып отыр.
- Италияға экспорт 22% немесе 300 мың тоннаға көбейгенімен, басқа негізгі серіктестер бойынша динамика аса мардымсыз. Қарашада Brent маркалы мұнай бағасының барреліне 80 доллардан 70 долларға дейін құлдырауы аясында отандық мұнай экспорты айтарлықтай арзандаған жоқ. Экспортталатын мұнайдың бір тоннасының орташа құны қарашада кедендік статистика мәліметтері бойынша, \$737 құраған. Бұл бір ай бұрынғы көрсеткіштен 3,4% аз.
- Импорт ТМД елдері есебінен аздаған үлеспен, 8% немесе \$300 млн қысқарған. Қазақстанға үшінші елдерден жеткізу 8,2% немесе \$175 млн төмендеген.

Сыртқы сауда айналымы

- млн. АҚШ доллары
млн. долларов США

- Сыртқы сауда айналымы

• 2012	10 727,6	10 042,1	9 397,6	10 969,4	11 898,0	11 626,9	11 100,7	11 524,0
	11 208,6	11 697,9	11 396,1	2012				
• 2013	9 368,0	9 769,2	11 346,5	12 208,9	11 261,6	11 337,8	11 573,6	11 627,6
	9 565,6	12 897,0	11 761,6	2013				
• 2014	10 579,2	10 706,3	9 860,4	10 204,6	9 707,4	10 049,9	9 929,1	9 589,4
	10 664,9	10 235,7	8 782,6	2014				

- соның ішінде:

- экспорт

• 2012	7 867,0	7 071,2	5 729,1	7 280,0	8 217,3	7 747,3	6 980,9	7 286,8
	6 933,6	7 529,2	6 803,7	7 002,7	2012			
• 2013	6 356,0	6 613,0	7 676,3	7 944,4	7 043,2	7 038,7	7 191,1	7 551,6
	5 320,1	8 512,3	7 252,4	6 201,3	2013			
• 2014	7 908,2	7 843,8	6 924,0	6 564,4	6 368,1	6 393,7	6 246,9	5 970,5
	6 928,6	6 534,0	5 348,8	5 206,8	2014			

- экспорт

- импорт

• 2012	2 860,6	2 970,9	3 668,5	3 689,4	3 680,7	3 879,6	4 119,8	4 237,2
	4 275,0	4 168,7	4 414,6	4 393,4	2012			
• 2013	3 012,0	3 156,2	3 670,2	4 264,5	4 218,4	4 299,1	4 382,5	4 076,0
	4 245,5	4 384,7	4 509,2	4 587,3	2013			
• 2014	2 671,0	2 862,5	2 936,4	3 640,2	3 339,3	3 656,2	3 682,2	3 618,9
	3 736,3	3 701,7	3 433,8	3 934,3	2014			

- импорт

Пайдаланған әдебиеттер:

- <http://www.eurasiancommission.org/>
- <http://www.stat.gov.kz/>
- Статистикалық ақпаратты ұсыну бойынша нұсқаулықты бекіту туралы № 983 – ы бас прокурор бұйрығы 2004.08.12
- Кеден одағының Кеден кодексі